



**«У.Д.Қантаев атындағы
Мойнақ су электростанциясы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2024 ж. 19 наурыздағы
шешімімен бекітілді
№02/24 хаттама**

**«У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электростанциясы»
акционерлік қоғамының
Мінез-құлық кодексі**

КД-КДБ-01-02-24

Құжат иесі	Корпоративтік даму басқармасы
Редакция	2
ЖЫЛЫ	2024

Мойнақ, а.



МАЗМҰНЫ

Біздің құндылықтарымыз қандай?	3
Біздің қағидаттарымыз	3
Мінез-құлық кодексі кімге арналған?	4
Мінез-құлық кодексі не үшін керек?	4
Мінез-құлық кодексін ұстану қалай қамтамасыз етіледі?	4
Қоғамға қызмет ету, миссиямызды ұстану	6
Тұрақты даму	7
Этикалық мінез-құлық	8
Адам құқықтары	9
Адам құқықтарын қалай сақтаймыз	9
Сыртқы коммуникация	9
Қызметкерлерге деген көзқарас, жұмысқа жалдау мен еңбек етудің тең шарттары	10
Кемсіту мен қысым көрсетуге тыйым салу	11
Бизнес қауымдастықпен бірлесе жұмыс істеу	11
Үшінші тұлғаларды тарту	11
Мүдделер қақтығысы	13
Әлеуметтік жобалар және демеушілік	14
Сыйлықтар және қонақжайлық көрсету	14
Саяси іс әрекет және төленетін жарналары	15
Қоғамға деген қамқорлық, активтерді қорғау	16
Бәсекелестік және монополияға қарсы заң	17
Қаржылық есеп берудің ашық түрде болуы	17
Ақпаратты басқару	18
Мінез-құлық кодексі бұзылғаны туралы хабарламалар	19
Заң бұзу туралы хабарлаған тұлғаларды қорғау	20
Қорытынды ережелер	20
Келісім парағы	22
Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	23
Танысу парағы	24



БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

ҚУАТ/QUAT/ЭНЕРГИЯ

«Қамқорлық»/QAMQORLYQ/Наставничество

Біз әрқашан көмекке келуге және қолдау көрсетуге дайынбыз.

Біз әріптестерімізбен және серіктестермен сенімді қарым-қатынас жасау үшін ашық әрекет етеміз.

Біз тәлімгерлікке, тәжірибемен алмасуға және оны беруге дайынбыз.

Уәдеге беріктік/YADEGE BERIKTIK/Надежность

Біз үздіксіз әрі жоғары сападағы жұмысты қамтамасыз етуге жауаптымыз.

Біз болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілігімізді сезініп, қоршаған орта мен экологияға қамқор боламыз.

Біз барлық жерде қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті жұмыс жағдайларын жасауға жауаптымыз.

Біз өз міндеттемелерімізге адалмыз.

Адалдық/ADALDYQ/Справедливость

Кез келген мәселені шешкенде біз жағдайды объективті бағалап, әділ әрекет етеміз.

Біз тең талаптарды қолданамыз және тең мүмкіндіктер ұсынамыз.

Біз басқалардың пікірін бағалаймыз, өз пікірін айтуға және тыңдауға мүмкіндік береміз.

Тәжірибе/TAJIRIBE/Профессионализм

Біз қойылған міндеттерге мұқият қараймыз және жұмысымыздан ләззат аламыз. Біз өз

саламызда кәсіби мамандармыз, өзімізді жетілдіріп, нәтижеге жетеміз. Тиімділікті арттыру

үшін әртүрлі көзқарастарды іздейміз және әртүрлі әдістерді қолданамыз.

БІЗДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫМЫЗ

Кәсіпқойлық

«У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электростанциясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлерінің жоғары профессионализмі – оның тиімді қызметінің кепілі. Сондықтан Қоғам жеке және кәсіби дамуы үшін тең мүмкіндіктерді бере отырып, жайлы жұмыс пен әрбір қызметкердің әлеуетін іске асыру үшін барлық қажетті шарттарды құруға ұмтылады. Әрбір қызметкер Қоғам ұсынатын мүмкіндіктерді пайдалана отырып, сондай-ақ дербес өзінің кәсіби деңгейін арттыруға тырысады.

Комплаенс

Ережелерді ұстануымыз арқылы ортақ мақсаттар, мінез-құлық мәдениеті және дәстүр біріктірген кәсіби команда болып қалуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қоғамда және іскери серіктестер және клиенттермен өзара түсінушілікті тиісті деңгейде ұстауға көмектеседі.

Қауіпсіздік

Біз әлемді энергиямен қамтамасыз етеміз және бұны қауіпсіз әдістермен жасауға ұмтыламыз.



Тәуекелге бағытталған ұстаным

Біз рисктерді басқаруды, корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде аса маңызды екенін түсінеміз және Қоғамның құны мен беделіне теріс әсерін тигізетін рисктерді уақытылы айқындауға және деңгейін азайтуға бағытталған қажетті шараларды қабылдаймыз.

Әлеуметтік жауапкершілік

Біз қоршаған ортаны қорғаймыз және өзара бірлесе әрекет ететін қауымдастықтарды құрметтей отырып, өндірістік жұмысты жүргізуге тырысамыз. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы біздің мақсаттар – жазатайым оқиғалардың, денсаулыққа және қоршаған ортаға зиянды болдырмау.

Ашықтық

Біз кездесу өткізуден, талқылаудан және диалог құрудан қашпаймыз, мүдделі тұлғалармен өзара мүдделерін есепке алуға, Қоғам мен мүдделі тұлғалар арасындағы құқықтар мен теңгерімді сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастығын құруға ұмтыламыз.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Кодекстің ережелері Қоғамның барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына тікелей қолданылады. Осы Кодекстегі «Сіз», «біз» немесе «барлығы» деп қолданылатын қаратпа сөздер Қоғамның барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғалары мен директорларына қарата айтылған.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына кіретін Қоғам Мінез-құлық кодексін өзінің комплаенс тәуекелдеріне шамалас етіп қабылдауы тиіс.

Қоғаммен жұмыс істейтін және Қоғамның мүдделерін білдіретін іскерлік серіктестерге, өнім берушілерге және басқа үшінші тұлғаларға Кодекстің ережелерін ұстану ұсынылды.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Біздің мақсатымыз: әлемдегі ең табысты Қоғамлардың бірі болу.

Жалғыз акционерді, қызметкерлер мен іскерлік серіктестерді қоса алғанда, барлық мүдделі тұлғалар біздің қызметімізге деген сенімді сақтап, оны арттырмайынша, стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізе алмаймыз.

Осы Кодекс құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын белгілейді, оларды басшылыққа ала отырып, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін қамтамасыз ете аламыз. Мінез-құлық кодексі корпоративтік мәдениетімізді және нарықтың ашық та, адал қатысушысы ретінде Қоғамның беделін күшейтуге бағытталған. Кодекс ұшырауы мүмкін тәуекелдердің барлық спектрін қамтымайды, сондықтан Мінез-құлық кодексі дұрыс ойлау және бұл үшін жауапты болу қажеттілігінен құтқармайды.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІН ҰСТАНУ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ?

Қоғамның директорлар кеңесінің рөлі

Директорлар кеңесі жоғары этика стандарттарына сай болуды қамтамасыз етеді және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескереді. Іскерлік мінез-құлықтың негізгі қағидалары мен стандарттарын анықтау арқылы басқарушы орган Қоғамның Мінез-құлық кодексіне сәйкестігін қамтамасыз етеді



Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері осы Мінез-құлық кодексін толықтай қолдайды және оның ережелерін ұстанады. Комплаенс офицері мен Қоғамның омбудсмені Қоғамның Директорлар кеңесіне Мінез-құлық кодексіне сәйкестік туралы және этика мен комплаенс тұрғысынан ереже бұзу туралы есеп береді. Комплаенс офицерлері «Самұрық-Энерго»АҚ-ның Комплаенс рисктерін басқару саясаты аясында этика тәуекелдерін бағалайды. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері осы Мінез-құлық кодексінің ережелерін қарастырып, қажет болған жағдайда жаңартады. Директорлар кеңесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды шешеді.

Комплаенс офицердің рөлі

Осы Кодекстің ережелеріне сүйене отырып, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық, алаяқтық, іскерлік сыйлықтар және қонақжайлық көрсету, мемлекеттік мекемелермен қарым-қатынастар, ішкі тергеулер бойынша түсініктемелер мен кеңестер береді:

- жоғарыда аталған мәселелер бойынша осы Кодекстің талаптарын ұстануына бақылау жүргізу;
 - анықталған заң бұзушылықтар анықталған жағдайда қызметкерлер мен қызметкерлерге тәуелсіз және объективті ішкі тергеулер жүргізеді және қажет болған жағдайда түзету шараларын ұсынады;
 - атқарушы орган мүшелері мен оның қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері мен инсайдер ақпараты бойынша ішкі құжаттарына, жемқорлыққа қарсы күрес және этика талаптарына сәйкестігін тексереді;
- Іскерлік этика нормаларының тәуекелдеріне қатысты бағалауды тұрақты түрде жүргізеді;
- жыл сайын бизнес этикасы бойынша оқыту өткізеді.

Омбудсмен рөлі

Осы Мінез-құлық кодекстің ережелеріне сәйкес іскерлік этика, әлеуметтік және еңбек мәселелері, қызметкерлер туралы ережелері бойынша түсініктемелер мен кеңестер береді;

- өз құқықтары және/немесе осы Мінез-құлық кодексі ережелерінің бұзылғаны туралы шағымданған ақпаратты құпия түрде сақтайды және қызметкердің және/немесе лауазымды тұлғаның аноним түрде қалуын қамтамасыз етеді;
- қызметкерлердің іскерлік этика қағидаларына бағынуын ынталандырады;
- еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік және еңбек мәселелерін шешуге ат салысады;
- жүйелі сипаттағы мәселелерді және тиісті шешім қабылдауды талап етеді мәселелерді анықтайды;
- әлеуметтік және еңбек, этика мәселелері бойынша ұсыныстар мен конструктивті шешімдер қабылдайды.

Атқарушы органның рөлі

Барлық қызмет салаларында этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді, сол арқылы Қоғамда адам құқықтары мен бизнес этикасын бұзуға тікелей немесе жанама түрде үлес қосу болмайды; корпоративтік басқаруды бағалаудың бөлігі ретінде Қоғамның корпоративтік құндылықтары мен этика талаптары ұсталуын тексереді;

Мінез-құлық кодексін таныстыруды, кодекс ережелері сақталуын және қызметкерлердің бастамасымен этика мәселелеріне қатысты талқылар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

Нормалардың бұзылуын болдырмау және дереу жою шараларын қабылдайды.

Қоғамның әрбір қызметкері Қоғамдағы күнделікті қызметінде осы Кодексте баяндалған мінез-құлықтың стандарттары мен негізгі қағидаттарын ең басты шарт деп есептейді.

Төменде алғашқы негізгі қадамдар келтірілген:

- ✓ Мінез-құлық кодексінің ережелерін оқыңыз және зерделеніз;



- ✓ Өз сөзіңіз бен іс-әрекетіңізде Кодекстің ережелерін қатаң ұстаныңыз;
- ✓ Комплаенс рисктері туралы алаңдаушылық білдіріп, хабарлаңыз.

Әрқайсысымыз мынадай тәжірибелік нұсқаулық негізінде өз мінез-құлқымызды бағалауымыз керек:

- ✓ Менің әрекетім Кодекске сәйкес келе ме?
- ✓ Бұл этикаға сәйкес келе ме?
- ✓ Бұл заңды ма?
- ✓ Егер менің мінез-құлқым туралы жұртшылыққа белгілі болса, менің мінез-құлқым дұрыс деп қабылдана ма?

Этика және комплаенс талаптарын ұстану және сақтау – бұл Қоғамда жұмыс істейтін немесе оның мүдделерін қорғайтын әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі. Осы Кодексті бұзу Қоғамның беделі мен жұмысына зиян тигізеді және тәртіптік жазалар мен жұмыстан босатуға әкеп соғуы мүмкін. Кодекстің белгілі бір бөлімдерінің сақталмауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы бұзу және жеке әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін екенін атап кеткен маңызды. Кодекстің сақталуын Директорлар кеңесі толығымен қолдайды. Комплаенс офицері комплаенс бағдарламасын әзірлейді, үйлестіреді және оны жүзеге асыруда жетекшілік етеді.

Комплаенс бағдарламасының негізгі элементтері:

- ✓ комплаенс тәуекелдерін бағалау;
- ✓ комплаенс рисктеріне сәйкес комплаенс процедуралары мен ішкі бақылауларды енгізу;
- ✓ тиімді коммуникация, оның ішінде комплаенс туралы оқыту;
- ✓ мәселелерді көтеріп, мәселелерді жедел байланыс желісі арқылы хабарлау;
- ✓ комплаенсқа қатысты ереже бұзуды тексеру және түзету шараларын қабылдау.

Егер Сізге Кодекске қатысты түсіндірме немесе кеңестер әлі де қажет болса, Сіз өзіңіздің тікелей басшыңызға немесе комплаенс офицерге жүгіне аласыз.

Егер Сізге Кодекстің қандай да бір ережелерінің, ішкі бақылау жүйелерінің бұзылғаны белгілі болса, Сіз олар туралы жедел байланыс желісі арқылы тез арада хабарлауға тиіссіз. Бұндай хабарламалар қудалаудан қорғау кепілдігін алу арқылы құпия немесе анонимді негізде жіберуге мүмкін.

ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ МИССИЯМЫЗДЫ ҰСТАНУ

Біздің міндетіміз — акционерлер, қызметкерлер және қоғам үшін құндылық тудыру және сенімді энергоресурсстармен қамтамасыз ету арқылы, жоғары технологиялық даму, экологиялық таза, тұрақты даму қағидаттарына сүйене отырып, өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру.

Біз Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында жалғыз акционермен әділ қарым-қатынас қағидаттарына сүйене отырып, өз міндеттерімізді орындау; сенімді бәсекеге қабілетті қарым-қатынастарды қамтамасыз ету, «жасыл» экономикаға көшу, Қоғам қызметінің ашықтығы, тиімділігі мен икемділігі; Қоғамның мүддесі үшін уақтылы әрі бірізділікті ұстанған күйде шешімдер қабылдау ; жауапкершілікті ұмытпай, есеп беруге және заңды ұстануға міндеттіміз.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

✓ Қоғам атынан қызметті жүзеге асырған кезде Қоғам мен мемлекетімізге қызмет етудің ерекше жауапкершілігін сезініңіз және Қоғамның миссиясын дұрыс сезініп, лайықты қамқорлық көрсетіңіз;



- ✓ Сіздің міндетіңіз Қоғам мен мемлекет өмірінің сапасы мен деңгейіне тікелей әсерін тигізетінін сезініңіз;
- ✓ Өз міндеттеріңізді Қоғам миссиясына сәйкес орындаңыз және оларды орындау үшін Қоғамдағы Сізге берілген құзыретті белгіленген мақсат шегінен тыс шараларға пайдаланбаңыз.
- ✓ Өзіңіздің жеке мәселелеріңізді шешкенде ресми түрде Қоғам мүдделерін ресми түрде ұстанатыныңызды мәлім етпеңіз.

НЕ НӨРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ:

- ✓ Қоғамдық теріс пікір тудыруы және/немесе Қоғам беделіне зиян келтіруі мүмкін кез келген әдепсіз немесе лайықсыз мінез-құлық белгілеріне.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Қоғам болашақ ұрпағымызға қамқорлық жасайды және еліміздің ТҰРАҚТЫ дамуына ерекше назар аударады. Біз экожүйенің қорғалуын, ауа сапасының жақсаруын және ресурстарымыздың тұрақтылығын сақталуын қолдаймыз.

Біздің Қоғам операциялық қызметтің халыққа және қоршаған ортаға теріс әсерін мейлінше азайтуға, қоршаған ортаға зиян келтіретін өндірістік аварияларды алдын алуға тырысады, еңбек етуге қауіпсіз орта ортаны құрау және нөл жарақат деңгейіне, яғни өндіріс нәтижесіне жарақатсыз жетуді, сондай-ақ табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын, жаңғыртылуын қолдайды. Біз энергияны тиімді пайдалануды арттыруды, ресурстарды үнемдеуді және баламалы энергия көздерін пайдалануды қолдаймыз.

Біз алдымызға қойылған мақсаттарды орындау және оған қол жеткізу мақсатында адамдарға зиян келтірмеу және қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын ұстанамыз. Біздің Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін бағалайды.

Біз жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жарақаттарды болдырмау үшін қауіпсіз еңбек қағидаларын әзірлейміз және оларды ұстанамыз.

Қоғам барлық істерінде адал және салауатты бәсекелестікті насихаттайды. Өз қызметінде қолданылатын монополияға қарсы барлық қағидаларды қатаң сақтайды.

Қоғам ешқашан бәсекелестікке қарсы келісімдерге қатыспайды. Қоғам:

- баға келісімдеріне қатыспайды (бағаларды, жеңілдіктерді немесе маржнны бәсекелестерімен келіспейді);
- тендерлер өткізу кезінде сөз байласуға қатыспайды, яғни нақты қатысушының жеңісін қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық ұсыныстарды үйлестірмейді;
- клиенттер, бағалар, жеңілдіктер, зерттеулер мен әзірлемелер туралы ақпаратты қоса алғанда, бәсекелестермен құпия коммерциялық ақпарат алмаспайды.

Қазақстан Республикасындағы және шетелдердегі саяси партияларды, олардың кандидаттарын немесе өкілдерін қаржыландырмайды, сондай-ақ тек саяси насихат мақсатында өткізілетін іс-шараларға немесе мерекелерге демеушілік жасамайды. Қоғам саяси қайраткерлерге тікелей немесе жанама қысым көрсетуден және біреудің мүдделерін қолдаудан бас тартады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Сіздің шешіміңіз бен әрекетіңіз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға теріс әсерін тигізбейтініне көз жеткізіңіз;
- ✓ Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілер тұрғысынан мүдделі тұлғаларға тигізетін теріс әсерін мейлінше азайту үшін қажетті шараларды қабылдауға тырысыңыз.
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына негізделген қауіпсіздік ережелері мен өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау, қауіпсіздікке, еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздігіне деген



адалдығын көрсетіңіз. Әр қызметкер өз қауіпсіздігіне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ:

- ✓ Қоршаған орта туралы заңдар мен қағидаттар ережелерінің кез келген айқын немесе ықтимал бұзушылықтарының белгілері.

Сұрақ:

Қоғамда ТҰРАҚТЫ дамуға қатысты өзге құжат бар ма?

Жауап:

Ия, ТҰРАҚТЫ даму жөніндегі нұсқаулық бар, оны Сіз біздің корпоративтік веб-сайттан қарай аласыз.

ЭТИКАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Бедел – Қоғамның сенімге негізделген негізгі активі.

Қоғам мемлекеттің, іскер серіктестердің, инвесторлардың және қоғамның сеніміне ие болуға ұмтылады.

Сенім жоғары этика нормаларын берік ұстанғанда туындайды.

Біз бәріміз Қоғамның өкіліміз және біздің әрекеттеріміз Қоғамның беделіне әсер етуі мүмкін.

Қоғамның беделін сақтау үшін біздің әрқайсымыз мінез-құлқымыздың дұрыс болуын қадағалауымыз керек.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Жалпы жұрт қабылдаған мораль және этиканың мінез-құлық нормаларын ұстаныңыз, Қазақстанда және шетелде жұмыс істей отырып, мемлекеттік және басқа тілдерге, барлық елдің дәстүрлеріне және әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетіңіз;
- ✓ Жұмыс уақытынан тыс уақытта жалпы мораль және этиканың мінез-құлық нормаларын ұстаныңыз, Қоғамның беделіне нұқсан келтіретін қоғамға жат мінез-құлыққа жол бермеңіз;
- ✓ Егер Сізге тиісті өкілеттіктер берілмесе, Қоғамның қызметі туралы көпшілік алдында сөйлеуден аулақ болыңыз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ:

- ✓ Қызметкерлердің Қоғамды беделінен айыруға әкеп соқтыруы мүмкін әдепсіз мінез-құлқы.

Сұрақ:

Әріптесім жұмысқа мас күйінде келеді деген күдігім бар, тіпті кеңседе ішімдік ішуі де мүмкін. Мен не істеуім керек?

Жауап:

Бұл мәселені шешу үшін өзіңіздің қажетті шараларды қабылдайтын басшыңызбен дереу кеңесу керек.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Біз адам құқықтарын қорғаймыз деп міндеттеме аламыз. Біз халықаралық деңгейде адам құқықтарын қолдаймыз және құрметтейміз. Сондай-ақ, адам құқықтарының бұзылуын болдырмауға тырысамыз.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ

Әсер етуді азайту

Қоғам — әрекеттері мен жұмыс нәтижелері адамзатқа да, планетамызға да әсер ететін адамдардан тұрады. Сондықтан біз адам құқықтарын құрметтеуіміз керек, теріс әсерлерді азайтып, әрекеттеріміздің оң әсерін мүмкіндігінше күшейтуіміз керек.

Мәселелерді анықтау және шешу

Біз адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге және іскер серіктестерімізбен қарым-қатынасымызда сақталуын қамтамасыз етуге міндеттіміз, (жан-жақты адам құқықтарын бағалау арқылы) кімге және қалай ең үлкен әсер ететінімізді анықтауға тырысамыз. Міндеттемелерімізді орындау барысында біз ішкі және сыртқы адам құқықтары сарапшыларымен бірге бизнесіміздің адамдарға ең үлкен әсер ететін бөліктерін (яғни, негізгі адам құқықтары мәселелері) анықтап, жақсарту мақсатында жұмыс істейміз.

Ашық, жария мәдениетін дамыту

Біз жетістіктеріміз бен қиындықтарымыз туралы ашық айтамыз. Біз мүдделі тараптарды, соның ішінде ең осал топтарды, біздің қызметімізге қатысты кез келген адам құқықтары мәселелері мен қиындықтарын әртүрлі шағымдар механизмдері мен әшкерелеу жүйесі арқылы көтеруге шақырамыз. Біз міндеттерімізді орындауға көмектесетін ҮЕҰ-лармен ынтымақтасамыз.

Біз адам құқықтарын қорғаушылардың, соның ішінде біздің жұмысымызға қатысты мәселелер бойынша белсенді үгіт жүргізетіндердің заңды әрекеттеріне кедергі келтірмейміз, сондай-ақ олардың сөз еркіндігін, қауымдастық еркіндігін және бейбіт жиналыс құқығын шектемейміз. Біздің бұл тәсілді бизнес серіктестеріміз де ұстанады.

СЫРТҚЫ КОММУНИКАЦИЯ

Қоғам қызметкері бола отырып, егер Сіз қоғамдық орындарда әдепсіздік танытсаңыз, бұл Қоғамымызды бүкіл қоғам алдында сынға ұшырауына себеп болады.

Сіз әрқашан біздің ұжымымызды Қоғамнан тыс жерде де көрсететінін есте ұстауыңыз керек.

Қоғам атынан кез-келген рұқсат етілмеген сыртқы байланыс біздің Қоғамның имиджіне әсер етеді.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік тек жеке мақсатта қолданылуы керек және Қоғаммен байланысты болмауы керек.

Қоғам атынан жария етілген кез-келген ақпарат барлық маңызды аспектілерде дәл, толық, дұрыс және қолданыстағы заңнама мен ішкі ережелерге сәйкес болуы керек.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Егер Сіз Қоғам атынан сөйлеуге өкілеттігіңіз болмаса, ешқашан Қоғам атынан мұны істеменіз;
- ✓ Жеке басыңыздың пайдасы үшін ешқашан қызмет жағдайыңызды пайдаланбаңыз;



- ✓ Бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның жұмысы туралы жеке пікіріңізді білдірмеңіз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Қоғаммен тікелей байланысты әлеуметтік желілердегі ресми емес белсенділік.

Сұрақ:

Қоғам қызметкері тұтынатын өнімге немесе көрсетілген қызметке наразы екені туралы көпшілік алдында түсініктеме берді. Бұл кодексті бұзу деп есептеле ме?

Жауап:

Бұл - кодексті бұзу емес. Тұтынушылардың шағымдары болуы немесе жеке өмірде өз пікірлерін білдіруі мүмкін, Қоғам, қызметкерлердің жеке өмірін құрметтейді. Маңыздысы, мұндай пікірді Қоғамның позициясы ретінде қабылдауға болмайды.

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС
ЖҰМЫСҚА ЖАЛДАУ МЕН ЕҢБЕК ЕТУДІҢ ТЕҢ ШАРТТАРЫ**

Біздің қызметкерлер ең құнды актив және Қоғам өз қызметкерлерін жұмыс істеу барысында ең жақсы перспективалармен қамтамасыз ету саясатын ұстанады. Сондықтан, біз Қоғамда жұмыс істейтіндердің барлығына өздерінің кәсіби қабілеттерін дамыту және дағдыларын жетілдіру үшін тең мүмкіндіктер ұсынамыз. Сондықтан, Қоғам жан-жақты жұмыс тәжірибесі мен таланты бар мамандарды таңдап, қызметкерлерді жалдау мен жоғарылатудың әділ рәсімдерін қалыптастырып отыр.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Өз міндеттеріңізді ең жоғары этикалық нормаларды ұстана отырып, біздің корпоративтік құндылықтарымыз мен қағидаттарымыз негізінде кәсіби түрде орындаңыз;
- ✓ Жалдау, сыйлықақы беру және ілгерілету туралы әрбір шешімді олардың сіңірген еңбегін, біліктілігін, көрсеткен нәтижесін және өндірістік қажеттілікті ескере отырып қабылдаңыз;
- ✓ Непотизм, субъективтіліктің немесе қате түсінік сияқты кез келген мәселелер туындамас бұрын, алдын алып отырыңыз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Жұмыс орнындағы кез-келген әдепсіз немесе орынсыз мінез-құлық белгілері;
- ✓ Еңбек заңнамасының кез-келген айқын бұзушылықтарының немесе әлеуетті бұзушылықтарының белгілері.

Сұрақ:

Жалдау және қызметтік көтермелеу кезінде тең шарттарды бұзу ретінде қабылданатын қандай жағдайлар туралы хабарлай аламын?

Жауап:

Басқа қызметкердің жалақы не үшін жоғары деген сұрақтар қоюға болмайды. Жалақы мөлшері құпия ақпарат, ол тәжірибеге, біліктілігіне, біліміне және басқа да факторларға негізделеді. Сіз жалдау процесінде, жұмыс бабында, қызметте көтерілгенде, жұмысты тоқтатқан кезде болған кемсітушіліктер туралы хабарлай аласыз. Мысалы, Сіз жаңа қызметкердің өз түйіндемесінде бір компанияда 5 жыл бойы жұмыс істегенін көрсеткенін білдіңіз. Бірақ Сіз оның ол Қоғамда жұмыс істемегеніне сенімдісіз, бұл қызметкер тарапынан алдаудың белгісі және бұндай жалған жәйттерге негізделген мінез-құлыққа жол берілмейді.



КЕМСІТУ МЕН ҚЫСЫМ КӨРСЕТУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ

Қоғам барлық қызметкерлер бір-бірін деген құрметпен қарайтын еңбек жағдайын құруға ұмтылады. Сондықтан біздің Қоғам діни, нәсілдік, этникалық, жыныстық, жас және басқа да белгілер бойынша кемсітуге жол бермейді. Біздің Қоғам, қызметкерлердің намысына тиетін, агрессивті, дұшпани немесе құқықтарына нұқсан келтіретін кез-келген мінез-құлыққа тыйым салады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Әріптестеріңізге құрметпен және әділетті түрде қатынас жасаңыз;
- ✓ Әріптестеріңізді қорқытпаңыз және кемсітпеңіз;
- ✓ Әріптестеріңізге қатысты орынсыз сөздерді айтпаңыз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- ✓ Жұмыс орнындағы кез-келген әдепсіз немесе орынсыз мінез-құлық белгілері;
- ✓ Еңбек заңнамасының кез-келген айқын бұзушылықтары немесе әлеуетті бұзушылық белгілері.

Сұрақ:

Мен – Қоғамда жұмыс істейтін жүкті қызметкермін, менің тікелей бастығым қосымша өтемақы төлетпеу үшін және орныма тез арада қызметкер табу үшін маған қысым көрсетіп отыр және қандай да бір негіздемесіз жұмыстан кетуімді сұрайды.

Жауап:

Жүкті қызметкер ретінде Сіздің арнаулы мәртебеңіз бен құқықтарыңыз бар, олар Еңбек кодексімен қорғалған. Егер менеджеріңіз Сізге қандай да бір негізсіз қысым көрсетсе, Сіз тез арада осы жағдай туралы Қоғамның еңбек, еңбек қақтығыстары және өзге де ұқсас мәселелерімен айналысатын Омбудсменіне хабарласуыңыз керек.

БИЗНЕС ҚАУЫМДАСТЫҚПЕН БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

Қоғам акционерлердің құқықтарын іске асыру тиімділігі жоғары болуын қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде жұмыс істейді.

Қоғам өз акционерінің құқықтарын оларға тиесілі акциялардың санына қарамастан бірдей құрметтейді, олармен тиімді диалог жүргізеді, мәлімделген даму міндеттемелерін орындау және дивидендтер төлеу арқылы олардың сенімін ақтауға ұмтылады.

Өз қызметі туралы сенімді ақпаратты акционерлер қиналмастан таныса алатындай, уақтылы жариялай отырып, Қоғам акционерлердің құқықтары мен мүдделерінің сақталуына кепілдік береді. Бірігу ықтималы, жұтылу немесе қайта құрылымдау туралы ақпарат Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және ашық айтуға болатын ақпаратты міндетті түрде алдын ала жариялай отырып, қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестікте жария етіледі.

ҮШІНШІ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТАРТУ

Біздің Қоғамымыз өнім берушілермен, консультанттармен, іскерлік серіктестермен және басқа да үшінші тұлғалармен ашық түрде, заңды толық ұстану арқылы, әрі адалдық және тиімділік қағидаттары негізінде бірлесе жұмыс істейді.



Қоғам БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатына адалдығын мәлімдейді, БҰҰ-ның ТҰРАҚТЫ даму саласындағы мақсаттары мен бастамаларын қолдайды.

Осыған сәйкес, біздің Қоғам мынадай өнім берушілермен жұмыс істеуді құптайды:

Кемсіту көрсетпейтін, инклюзивті жұмыс ортасын құратын және қолдайтын өнім берушілер, сондай-ақ әрбір адамның қосқан үлесі танылатын өнім берушілер;

Адам құқықтарын, қолданылатын мемлекеттік заңдарды, БҰҰ жалпыға бірдей декларациясын, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) негізгі қағидаттарын сақтайтын өнім берушілер;

жұмыс орнында ешқандай зорлық-зомбылыққа жол бермейтін өнім беруші

Бизнесті қызметкерлердің және жұртшылықтың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ететін түрде басқарады;

Балалар еңбегіне, мәжбүрлі, заңсыз еңбекке немесе міндетті еңбектің кез келген басқа түріне жол бермейді;

Тиісті экологиялық және әлеуметтік нормалар мен стандарттарды сақтайтын өнім берушілер;

ТҰРАҚТЫ даму қағидаттарына жақын екенін көрсетеді: экологиялық таза материалдарды пайдаланады, энергия мен суды тұтынуға, парниктік газдар шығарындыларының көлеміне ерекше назар аударады, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіпті заттармен (материалдармен, препараттармен және өнімдермен) жұмыс істегенде мұндай заттардың таңбалануын, өңделуін, тасымалдануын, сақталуын, қауіпсіз кәдеге жаратылуын қамтамасыз етеді;

Экологиялық саясатты әзірлейді және енгізеді, өзінің іскерлік қызметін сол саясатқа сәйкес жүзеге асырады;

Сатып алынатын өнімнің шығу тегі, оның құрамы, өндіріс пен тасымалдау процесінің тұрақтылығы ескеріледі. Мүмкіндігінше этикалық және тұрақтылық стандарттары мен жеткізілім тізбегі сертификатталған материалдарды пайдаланады (мысалы, ISO 14001, FSC, PEFC, EPD, бірақ тек осылармен шектелмейді).

Ресурстарды неғұрлым ақылға қонымды және жауапкершілікпен пайдалануға ұмтылады, бұл тәсілді жеткізу тізбегіне, сондай-ақ бизнес операцияларына біріктіреді.

Біздің Қоғам «жасыл кеңсе» қағидаларын қолданады және үшінші тараптардың да тұрақты даму қағидаларын ескеретін офис өнімдеріне қатысты тәсілді ұстануын қолдаймыз.

Біздің Қоғам іскери серіктестерге негізсіз артықшылықтар мен басымдықтарды бермейді және олармен өзара тиімділік негізінде іскерлік қатынастарды ұстанады. Біз «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына «Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі негізінде неғұрлым тиімді бағаға, тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің сапасына және өнім берушінің жақсы іскерлік беделіне артықшылық бере отырып, өнім берушілерді ашық түрде таңдаймыз.

Біз барлық үшінші тұлғалар осы Кодекстің ережелерін немесе осыған ұқсас ережелерді ұстанады деп үміттенеміз. Өз кезегінде, үшінші тұлғалар бізден осы Кодекстің ережелерін ұстанады деп күтеді және оларға Қоғамның ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ арқылы Кодекстің кез келген нақты немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлауға мүмкіндік беріледі. (Ол туралы ақпарат Қоғамның корпоратив сайтында ақпарат беріледі).

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Өнім берушілерді олардың біліктілігін, қызметін және бәсекеге қабілеттілігін негізге ала отырып таңдаңыз;
- ✓ Іскерлік беделі күдік туғызатын үшінші тұлғалармен бірлескен жұмыс істеменіз;
- ✓ Бәсекелес ортаны құру үшін барлық күш-жігеріңізді жұмсаңыз.
- ✓ Үшінші тұлғалар осы Кодекстің ережелері туралы хабардар екенін анықтаңыз;
- ✓ Есептелген төлем ұсынылған тауарлар/қызметтерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз;



- ✓ Үшінші тұлғаларға құрметпен және әділ түрде қараңыз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Үшінші тараптар сенімсіз іскерлік тәжірибе қатысушысы болған немесе осындай негізде айыпталған болса;
- ✓ Үшінші тұлғалар бізбен келісімшарт жасасқанға дейін комиссия немесе сыйақы алуды талап ететін болса.

Сұрақ:

Мен, ашық тендерде қатысатын әлеуетті өнім берушінің акционері Қоғам қызметкерінің жақын туысы екенін білдім. Осы туралы хабарлауым керек пе?

Жауап:

Иә, бұл жайт туралы Басшыңызға немесе Комплаенс офицерге хабарлауға тиіссіз, өткені, ол біліктілігі, қызметі және бәскеге қабеліттілік критерийлерден өзгеше таңдау критерийлеріне негізделген өнім берушіні таңдауға әсер етуі мүмкін.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Қоғам жеке өміріңізді өте құрметтейді және әрқайсысыңыздың Қоғамнан тыс жерде заңды қызметпен айналысу құқығыңызға түсіністікпен және құрметпен қарайды. Бұл ретте біз Сізден абай болуды және мүдделер қақтығысының туындау ықтималын болдырмауды сұраймыз.

Мүдделер қақтығысы Сіздің жеке мүдделеріңіз немесе байланыстарыңыз Сіз Қоғам үшін қабылдайтын бизнес шешімдеріңізге әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін болған кезде пайда болады.

Мүдделер қақтығысы ретінде қабылдануы мүмкін жағдайлар өте алуан түрлі және олардың барлығын тізімдеу мүмкін емес. Алайда, кейбір мысалдарға жеке заңды тұлғаның меншікті капиталына қатысу үлесі бар немесе белгілі бір заңды тұлғада басқарушылық лауазымға ие болған жағдайлар жатады және бұл жағдайлар сіздің Қоғамдағы лауазымдық міндеттеріңізді орындауға кедергі болады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

Бұл Сіздің жеке байланыстарыңыз/жағдайларыңыз Қоғамдағы бизнес шешімдеріңізге әсер ететін жағдайлардан аулақ болыңыз;

- ✓ Сіздің тікелей басшыңызға немесе комплаенс офицеріне нақты, ықтимал немесе анықталған мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашып айтыңыз;
- ✓ Егер сізде нақты, ықтимал немесе анықталған мүдделер қақтығысы болса, шешім қабылдауға қатыспаңыз;
- ✓ Егер бұл сіздің Қоғамдағы қызметіңізге теріс әсер етсе, Қоғамнан тыс кез-келген жұмыс пен бизнеске (коммерциялық немесе коммерциялық емес) қатыспаңыз;
- ✓ Егер сіздің жеке жағдайларыңыз Қоғамдағы лауазымдық міндеттеріңізге әсер ете ме деген күмәніңіз болса, тікелей басшыңызбен ақылдасып, кеңес сұраңыз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Сіздің немесе Сіздің әріптестеріңіздің Қоғамда немесе әлеуетті не нақты серіктес ұйымда немесе Қоғамға өнім беруші болып жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің немесе басқа үлестес тұлғаларының болуына;
- ✓ Сіздің немесе Сіздің әріптестеріңіздің ұйымдағы акционерлік капиталға қатысу үлесінің болуына немесе Сіз не Сіздің әріптестеріңіздің әлеуетті немесе нақты серіктес не Қоғамға өнім



берушісі белгілі бір ұйымда басқарушы қызметте болуына;

✓ Сіздің немесе Сіздің әріптестеріңіздің Сізден немесе Сіздің әріптестеріңізден Қоғам ресурстарын, соның ішінде құпия ақпаратты пайдалануды талап етуі мүмкін қосымша жұмысының немесе басқа да қызметінің болуына.

Сұрақ:

Менің жақын туысым ашық тендерге қатысатын Қоғамның акционері. Мен тендерлік комиссияның мүшесімін. Бұл мүдделер қақтығысы болып санала ма?

Жауап:

Ия, бұл мүдделер қақтығысы жағдайы, Сіз осындай жағдайды Комплаенс қызметіне айтып, осы тендерге шешім қабылдау процесіне қатыспауыңыз керек.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

Қызметінің барлық салаларында көшбасшылыққа қол жеткізуге ұмтыла отырып, Қоғам өз бизнесінің коммерциялық дамуын әлеуметтік істерімен қатар алып жүреді. Өркендейтін қоғам үшін жағдай жасауға өз үлесін тұрақты қоса отырып, Қоғам өзінің ұзақ мерзімді жетістігінің негіздерін қалайды. Бұл -кешенді жұмыс, оның басымдықтары балаларға, талантты жастарға және өндіріс ардагерлеріне көмек көрсету, мәдениетті, өнерді, білімді қолдау және қоршаған ортаны қорғауға қолдау көрсету болған және үнемі солай болып қала бермек.

Біз дене шынықтыру мен спорт, білім беру, мәдениет және әлеуметтік саланың басқа да түрлерін дамытуға бағытталған бағдарламаларды қолдауға, сондай-ақ қазіргі заңнамаға қайшы келмейтін, қайырымдылықты жүзеге асыруға және төтенше жағдай жарияланған жағдайда салдарын жоюға көмек көрсетуге тырысамыз.

Сұрақ:

Менің жергілікті қайырымдылық жобаға өз еркіммен қатысу ниетім бар. Ол Кодексте қарастырылған ба?

Жауап:

Көп жағдайда рұқсат етіледі. Мұндай жұмыс сіздің Қоғамдағы міндеттемелеріңізге әсер етпейтініне және қайырымдылық саясатына, «Самұрық – Қазына» АҚ демеушілік бағдарламасына, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына қайшы келмейтініне көз жеткізіңіз. Егер күмәндансаңыз, Сіз әрқашан Комплаенс офицерге немесе қауіпсіздік мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшеге хабарласа аласыз.

СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ КӨРСЕТУ

Қоғамның саясаты үшінші тұлғаларға берген/көрсеткен немесе олардан алған стандартты және алуға болатын қонақжайлық көрсету нышандарына рұқсат береді.

Алайда, сыйлықтар алу және беру, сондай-ақ қонақжайлық көрсету үшінші тараптың негізсіз үміт артуын немесе коммерциялық себептерге негізделмеген, жеке пайда себептеріне байланысты үшінші тарапқа артықшылық береді-ау деген әсер қалдыруы мүмкін.



Сыйлықтар мен қонақжайлық көрсетуге тек қолма-қол ақша ғана емес, сонымен қатар Қоғамда коммерциялық қызметті жүзеге асыру кезінде қызметкерлер, лауазымды тұлғалар, Директорлар ұсынған немесе алған құндылығы бар кез келген нәрсені білдіреді.

Сыйлықтар мен қонақжайлық көрсету түсінігі мен түсіндірмесі әртүрлі көзқарастарға байланысты өзгереді, сондықтан сыйлықтар мен қонақжайлық көрсетуді қабылдау шешім қабылдау процесіне әлеуетті әсер етпеуі керек.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Ұсынған немесе алған сыйлықтың немесе қонақжайлық көрсетудің түрін, құндылығын және сомасын сақтықпен бағалаңыз;
- ✓ Ешқашан ақша, ақшалай баламалар, жеке қызметтер немесе кез келген басқа заңсыз немесе орынсыз сыйлықтар мен қонақжайлық көрсетуді ұсынбаңыз, алуға тырыспаңыз немесе алмаңыз;
- ✓ Егер сіз ұсынатын немесе алатын сыйлықтар шешім қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін болса, мұндай сыйлықтарды ешқашан қабылдамаңыз немесе бермеңіз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде, жұмысқа тұру немесе жұмысқа қабылдау кезінде ұсынылатын, қолма-қол ақша түрінде немесе ақшалай баламамен алынған кез келген қолайсыз сыйлықтар мен қонақжайлық көрсету;
- ✓ Сіздің шешіміңізге және әріптестеріңіздің объективтілігіне немесе шешіміне және объективтілігіне әсер етуі мүмкін кез келген сыйлықтар мен сый-кәделер.

Сұрақ:

Искери серіктестерден сыйлық алуға қандай да бір шектеулер бар ма?

Жауап:

ҚР Қылмыстық кодексінің 366, 367-баптарына сәйкес, 2 АЕК-тен асатын сомаға жасалған сыйлық пара болып саналады және қылмыстық кодекс бойынша шаралар қолдануға әкеп соғады, ал өзге жағдайларда (егер сыйлықтың құны аз болса) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 676 және 678-баптарына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға берілген заңсыз материалдық сыйақы әкімшілік жауапқа тартуға әкеп соғады. Осылайша, кез-келген қызметкер олардың шешімдеріне әсер етуі мүмкін құнды заттарды алмауы тиіс. Егер де бұл шешім қабылдауға әсер етсе, кез-келген сыйлық, пара ретінде қарастырылуы мүмкін.

САЯСИ ІС ӘРЕКЕТ ЖӘНЕ ТӨЛЕНЕТІН ЖАРНАЛАРЫ

Қоғам қолданыстағы заң талаптарына сәйкес мемлекетпен байланысты адамдармен бірлесе жұмыс істейді.

Қоғам саяси қызметпен айналысатын саяси партиялар мен коммерциялық емес ұйымдарды қаржыландырмайды және қолдамайды. Сондай-ақ, демеушілік, қайырымдылық/лоббизм әрекеттеріне тікелей немесе жанама түрде заңсыз пайда алу мақсатында рұқсат бермейді.

Қоғамның осы саладағы қағидалары:

- ✓ Қоғамның шоттарын саяси мақсаттағы жарналар төлеуге пайдалануға тыйым салынған;
- ✓ Қоғамның ресурстарын (оның ішінде электрондық поштаны) саяси әрекеттерге пайдалануға тыйым салынады;
- ✓ саяси мақсаттаты жарнаның орнына қайырымдылық жасау тыйым салынған;



- ✓ Қоғамның қаражаты мен мүлкін салалық ұйымдар арқылы немесе саяси партияларға жарна төлеу үшін пайдалануға тыйым салынған.
- ✓ Қоғамның саяси қызметке қатысуы туралы кез келген ақпарат қоғамдық есеп беру барысында жариялануы тиіс.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Егер сіз саяси процестерге қатыссаңыз, заң шығарушы немесе саясат мәселелері бойынша пікіріңізді білдірсеңіз, саяси іс-шараларға қатыссаңыз және/немесе жеке саяси үлес қоссаңыз, бұл іс-шараларды бос уақытыңызда және өз есебіңізбен жүргізуіңіз керек.
- ✓ Егер сіз Қоғамның үкіметпен байланыс менеджері мен заңгерлік кеңесшісінен алдын ала рұқсат алмаған болсаңыз, Қоғамға немесе біздің еншілес Қоғамдарымызға қатысты кез келген сілтеме немесе байланыстан аулақ болуыңыз керек, тек тиісті мемлекеттік органдарға заңды түрде қажет болған жағдайда ғана көрсетесіз, бірақ та Қоғам атынан емес, сіз жеке тұлға ретінде әрекет ететініңізді көрсетуіңіз керек.

ҚОҒАМҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ

Қоғамда жұмыс істейтін әрбір қызметкер Қоғамның активтерін тиісінше басқаруға жауапты. Активтерді тиісінше басқаруға Қоғамның инвестицияларын, қорлары мен меншіктерін бақылау мен қолдау жатады.

Бедел - Қоғамның жоғары бағаланатын активі. Біздің әрқайсымыз осы активтің иесіміз және дұрыс мінез-құлық көрсетуіміз арқылы осы активтің құнын арттыра немесе төмендете аламыз. Әр адам Қоғамның беделін нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Активтердің өсуіне қол жеткізу және олардың құнын қалыптастыру үшін әрқайсымыз лайықты қарым-қатынас жасау мен жоғары жауапкершілікті тәжірибеге енгізуіміз керек.

Активтерді дұрыс пайдаланбау Қоғамның жұмысына тікелей әсер етеді; кез-келген алаяқтық немесе ұрлық туралы дереу хабарлау қажет.

Қоғамның активтерін жеке мақсаттар үшін кез келген уақытта пайдалануға тыйым салынады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Қоғамның мүлкін Өз меншігіңізді сақтағандай сақтаңыз;
- ✓ Қоғам активтерінің дұрыс пайдаланылуын бақылау үшін жауапкершілікті өз мойныңызға алыңыз;
- ✓ Активтерді пайдалану үшін тиісті рұқсат пен нақты құжаттаманы қамтамасыз етіңіз;
- ✓ Сіздің міндеттемелеріңізге сәйкес активтерді тек дұрыс пайдалануды қамтамасыз етіңіз;
- ✓ Қоғамның бюджет қаражатының неғұрлым маңызды қажеттіліктерге жұмсалуды түсіне отырып, өкілдік шығыстарды қалыптастыруға ақылға қонымды көзқараспен қараңыз

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Активтерді иелену немесе ысырап ету;
- ✓ Активтерді ұрлау мен бүлінуден дұрыс қорғамауы;
- ✓ Алаяқтық, зиян келтіру немесе ұрлықтың кез келген белгілері.



Сұрақ:

Біздің Қоғам Жекешелендіру бағдарламасы аясында активтерді төмендетілген баға бойынша сататынын білемін және бұл баға нарық бағасынан төмен деп санаймын. Осы жағдай активтерді қорғамайтынымызды білдіре ме?

Жауап:

Жекешелендіру Қоғамның өз активтерін басқару тәсілдерінің бірі. Озық баға ашық түрде және бәсекелестік арқылы қалыптастырылады. Қоғам ашы әрі бәсекелестік саясаты мен рәсімін басшылыққа алады. Сондықтан, егер Сіз жекешелендіру рәсімі бұзылғаны туралы кез келген жәйтті білсеңіз немесе кез келген күдіктеріңіз болса, тікелей басшыңызға немесе Комплаенс офицерге хабарлаңыз.

БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢ

Бәсекелестікті қорғау туралы Заң, сондай-ақ антитраст немесе монополияға қарсы заңнама бәсекелестік пен тұтынушыларға зиян келтіретін әрекеттерге тыйым салады. Мұндай іс-әрекеттердің мысалдары бәсекелестікке қарсы келісімдер (мысалы, қайта сату бағасын белгілеу, аумақтық қағидат бойынша немесе сатып алушылардың құрамы бойынша нарықты бөлу, сауда-саттықта сөз байласу), бәсекелестер арасында құпия коммерциялық ақпарат алмасу, нарықтық билікті теріс пайдалану, жария етуді талап ететін мәмілелер туралы монополияға қарсы органдарды хабардар етпеу.

Қоғам монополияға қарсы заңнаманы сақтайды және іскерлік қатынастардың барлық түрлеріне және қатысу аймағына қарамастан адал бәсекелестік қағидаттарын ұстанады. Біз белсенді түрде ғана емес, адал, этикалық түрде және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес бәсекелесеміз. Бұл заңдар бүкіл әлемде клиенттердің жеткізушілер арасындағы шексіз бәсекелестіктен пайда көретіндей, ал сатушылар, сәйкесінше, сатып алушылар арасындағы бәсекелестіктен пайда көретіндей еркін және адал бәсекелестікке ықпал етеді.

Қоғам қызметкерлері бәсекелестермен біркелкі мінез-құлыққа бағытталған әрекеттерді жасамауы тиіс, соның ішінде бұл коммерциялық жоспарлар туралы тікелей немесе делдалдар арқылы ақпарат алмасуға, келіссөздер жүргізуге, бәсекелестікке қарсы уағдаластықтарға кез келген нысанда қол қоюға немесе ауызша мақұлдауға қатысты.

Қоғам өз қызметін жүргізу мәселелері, оның ішінде баға белгілеу мәселелері бойынша шешімдерді дербес және басқа компаниялардың іс-әрекеттеріне қарамастан қабылдайды.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

Сіз осы заңдардан хабардар болуыңыз керек, сол заңдарға сәйкес әрекет етуіңіз керек, бәсекелес, жеткізуші немесе мердігермен келіссөздер жүргізуге заңды негіздердің бар-жоғын тексеруіңіз керек.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУДІҢ АШЫҚ ТҮРДЕ БОЛУЫ

Қоғам нақты, толық қаржылық және іскери ақпаратты ұсынады.

Барлық қаржылық деректер, жазбалар мен есептер Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, ұлттық заңнамаға және Қоғамның ішкі ережелеріне сәйкес келуі керек.

Барлық мәмілелер мен шоттар дәйекті және дұрыс жіктелуі керек.

Шешімдер толық және нақты мәліметтерге негізделуі керек. Қоғам фактілерді бұрмалауға тыйым салады.



Қоғам ақшаны жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыруға тікелей немесе жанама түрде ықпал етпеу принципін ұстанады. Қоғам барлық мәмілелердегі төлемдердің ашықтығын бағалайды, адал бәсекелеседі және делдалдарды заңды, коммерциялық негізделген себепсіз пайдаланудан аулақ болады.

Ақшаны заңдастыруға қарсы талаптар, қылмыскерлердің заңсыз тапқан қаражатын заңды табыс ретінде көрсетуіне жол бермеуге бағытталған заңдар, ережелер мен процедураларда қамтылған.

Қоғам қылмыс жолымен тапқан ақшаны заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күресуге бағытталған барлық қолданыстағы заңдар мен басқа нормативтерді орындауға міндеттенеді.

Қоғам қаржылық қылмыстарды, соның ішінде ақшаны заңдастыруды саналы түрде қолдайтын қызметкерлердің немесе Қоғаммен бірге жұмыс істейтіндердің әрекеттеріне бей-жай қарамайды. Біз бәріміз ақшаны заңдастыруды көрсететін кез келген ерекше немесе күдікті әрекеттерге сақ болуымыз керек, мысалы, ірі қолма-қол төлемдер, жалған шот-фактуралар сұрауы және қалыпты бизнес бағытына сай келмейтін кез келген әрекет. Егер осындай нәрсені байқасаңыз, заң бұзу туралы хабарлаңыз.

Егер ақшаны заңдастыруға қарсы күрес талаптарына қатысты сұрақтарыңыз болса, Комплаенс офицерге, Қоғамның Заң бөліміне хабарласыңыз.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Мәмілелер мен шарттарды сауатты, сапалы тіркеңіз;
- ✓ Барлық іскерлік операциялардың толық, дәл және уақтылы есебін жүргізіңіз;
- ✓ Жасырын жазбалар мен заңсыз қаржылық операцияларды пайдаланбаңыз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ:

- ✓ Қаржылық болжамдары асыра көрсетілген және шығындар бойынша көрсеткіштер жаңсақ есептеліп, дұрыс әзірленбеген, толық емес есептер;
- ✓ Қитұрқы әрекет белгілері, мысалы, де-юре белгіленбеген қаражатты басқа мақсаттарда де-факто пайдалану;
- ✓ Иссапарлар және өзге де шығыстар бойынша толық емес және дәл емес мәліметтер;
- ✓ Өндірістік жұмыстың қаржылық нәтижелерге сәйкес келмеуі.

Сұрақ:

Маған бухгалтерлік есеп жүйесіндегі деректерді ақпаратты пайдаланушыны адастыратындай етіп жазып алуды сұрады. Егер мен есепте дәл емес жерлері бар деп қауіптенсем, мен не істеуім керек?

Жауап:

Бухгалтерлік есеп жүйесінде қажетті тәртіпті сақтай отырып, әрқашан деректерді дәл және дұрыс есепке алу маңызды. Біріншіден, Сіз есеп беру және ұсыну талаптарын қалай сақтауға тиіс екеніңізді толық түсінуіңіз үшін өзіңіздің менеджеріңізден және/немесе бөлімше басшысынан бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде қолданылатын әдіснаманы нақты түсіндіруін сұрауға тиіссіз. Егер сіз әлі де алаңдайтын болсаңыз немесе сұрақтар туындаса, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары немесе Комплаенс офицерге хабарласыңыз.

АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Біз күнделікті іс-әрекетімізде ақпаратты іскери шешімдер қабылдау үшін қолданамыз. Қоғам ақпаратты (ішінара құпия ақпараты да бар) актив ретінде қарастырады. Құпия ақпаратқа біздің ноу-хау және басқа да бәсекеге қабілетті ақпарат, жеке деректер және басқа да



ақпарат кіреді, олар, егер беруге рұқсат болмаса, үшінші тұлғаларға ешқашан рұқсатсыз берілмеуі тиіс.

Қоғамның әрбір қызметкері Қоғам туралы құпия ақпараттың қауіпсіздігін және жарияланбауын қадағалау міндетін жауапкершілікпен орындауы тиіс. Бұл әсіресе инсайдерлік ақпаратқа қатысты. Қоғам ерекше құпия ақпаратпен жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімін жүргізеді, егер сіз осындай тізімге кірсеңіз, ондай ақпаратты құпия түрде сақтау жауапкершілігіңіздің артқанын білуіңіз керек.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- ✓ Құпия ақпаратты, әсіресе инсайдерлік ақпаратқа аса сақтықпен қараңыз және тек қажет болғанда ғана бөлісіңіз;
- ✓ Қоғамдан тыс құпия ақпаратты қажеттілік бойынша және кәсіби кеңес алғаннан кейін ғана бөлісіңіз;
- ✓ Құпия ақпараттың сақталуы мен ашылуына қатысты барлық ішкі талаптар мен шектеулерді сақтаңыз;
- ✓ Егер Сіз ақпараттың әлдебір таралып кеткені туралы білсеңіз, құпия ақпаратты қорғау үшін шаралар қолданыңыз;
- ✓ Құпия ақпаратты жарияламау туралы міндеттемеге қол қойыңыз;
- ✓ Сіз оларға құпия ақпаратты бермес бұрын үшінші тұлғалардың құпия ақпаратты жарияламауға қатысты келісімге қол қойғанына көз жеткізіңіз.
- ✓ Құпия ақпаратты «білгенің жақсы болар» қағидатымен бөліспеңіз, әрдайым «білуің керек» қағидатын басшылық етіңіз.

НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ ҚАЖЕТ:

- ✓ Құпия ақпаратты үшінші тұлғалармен қоғамдық орындарда талқылау;
- ✓ Кез келген құпия ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарына шығуы.

Сұрақ:

Мен бизнес-серіктестен бірлескен жоба бойынша ақпарат беру туралы сұраныс алдым, бірақ бұған жауап беруге құқығым бар екеніне сенімсізбін.

Жауап:

Сіз бұл мәліметтің Ақпаратты жария ету саясаты мен регламентіне сәйкес құпия ақпарат емес екеніне көз жеткізуіңіз керек. Егер Сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса, Тікелей басшыңызға хабарласыңыз, Корпоративтік даму басқармасының маманынан немесе және комплаенс офицерден сұрасаңыз болады.

МІНЕЗ ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ БҰЗЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР

Мінез-құлық кодексінің кез келген бұзушылықтары туралы сұрақтар қоюға, кеңес сұрауға және хабарлауға міндеттісіз.

Егер Сіз, Қоғам қызметкері немесе өкілі қолданыстағы заңнаманы немесе Мінез-құлық кодексін бұзғанын білсеңіз немесе одан күдіктенсеңіз, бұл туралы жетекшіңізге немесе Комплаенс-офицерге хабарлауыңыз керек. Мінез-құлық кодексінің бұзылғаны туралы хабарлама алған басшы хабарланған фактілер бойынша өз бетінше тексеруді бастамай, бұл туралы Комплаенс-офицерге дереу хабарлауы тиіс.

Барлық мүдделі тараптар Бастамашылық ақпараттандыру желісіне («Жедел байланыс желісі») Speak up) этика және комплаенс мәселелері бойынша заңнаманың, реттеуші талаптардың



және ішкі құжаттардың нақты және болжамды бұзушылықтары туралы хабарлай алады. Барлық хабарламаларды тәуелсіз топ қарайды және тексереді.

Мінез-құлық кодексінің талаптары және/немесе туындаған этика мәселелері, талаптарды бұзу, жемқорлық және басқа да заңсыз әрекеттер фактілері бойынша нақтылау үшін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, іскер серіктестері және қызығушылық танытқан тараптар келесі тұлғалармен байланысуға құқылы:

- тікелей басшыға;
- комплаенс офицеріне;
- Омбудсменге;
- «Самрук-Энергия» АҚ-ның Ішкі аудит қызметіне;
- Корпоративтік хатшыға;
- телефон немесе электрондық пошта арқылы info@moynak.kz, бұл туралы ақпарат Қоғамның веб-сайтында және кеңсесінде жарияланады.

Іскерлік этика қағидалары бұзылған жағдайлар Директорлар кеңесі қарастырады.

Бұзушылық туралы есеп жіберген адамға шағым қабылданғаны хабарланады, тексеруден кейін тексеру аяқталғаны да хабарланады.

Қоғам жыл сайын «Самрук-Энергия» АҚ-ның Бастамашылық ақпараттандыру саясатына қатысты оқыту, ақпарат беру және ақпаратты жариялауды жүргізеді, сондай-ақ байланыс арналарындағы өзгерістер туралы алдын ала хабарлауға міндеттенеді

Сұрақ:

Менің менеджерім жеткізушіден 50 000 тенгелік сыйлық картасын қабылдап жатқанын көрдім. Бұл Қоғам ережесін бұзу екенін білемін, бірақ менеджер мені артынан тыныштық бермей ме деп қорқамын. Не істеу керек?

Жауап:

Факті туралы хабарлауыңыз керек. Адамның мәртебесіне қарамастан, Кодекстің бұзылуы мүмкін екенін хабарлау сіздің жауапкершілігіңіз. Қоғамда бірнеше ақпарат арнасы бар, сонымен қатар біз қудалау шараларға тыйым саламыз. Анонимді түрде хабарлама қалдыра аласыз немесе құпия түрде хабарласаңыз болады.

ЗАҢ БҰЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚОРҒАУ

Қоғам өзінің Мінез-құлық кодексінің немесе Саясатының бұзылғаны туралы адал хабарлайтын немесе орынсыз мінез-құлықты тергеуде бірлесіп жұмыс істейтін қызметкерлерді қудалауға қатаң тыйым салады. Басшыларға ықтимал бұзушылық туралы хабарлаған қызметкерді жұмыстан шығаруға, қызмет бабында төмендетуге, жұмыстан шеттетуге, қорқытуға, қудалауға немесе қандай да бір жолмен кемсітуге тыйым салынады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Мінез-құлық кодексінің мақсаты — біздің қызметкерлеріміз бен бірге жұмыс істейтін адамдардың біз ұстанатын этикалық құндылықтарды анық түсінуіне жағдай жасау. Мінез-құлық кодексі адал, жауапкершілікпен, ашық және этика нормаларын сақтай отыра жұмыс істеуге деген ұмтылысты насихаттауға арналған.

 <p>У.Д.Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС</p>	<p>«У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электростанциясы» акционерлік қоғамының Мінез-құлық кодексі</p>	Редакция 2
		КД-КДБ-01-02-24
		Бет 21 - 24 ден

Алайда, Мінез-құлық кодексі барлық мүмкін жағдайларды қамти алмайды, қызметкерлер мен іскер серіктестеріміз Қоғам атынан жасаған барлық әрекеттерінде ақылға қонымды түрде әрекет етуі керек.

Кез келген қызметкер немесе іскер серіктес Кодекстің кез келген бабын қолдануда сенімсіз болса, комплаенс офицерден, Қоғамның Заң бөлімінен сұрауы керек.

Келісім парағы

Лауазымы	Аты жөні	Қолы	Күні
Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары - Бас инженер	Джапыев Н.К.	келісті	06.02.2024
Басқарма Төрағасының стратегиялық даму және қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары	Балтабаев К.А.	келісті	06.02.2024
Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	Қарымсақ А.	келісті	06.02.2024
Корпоративтік даму жөніндегі атқарушы директор	Алимбекова А.М.	келісті	06.02.2024
Бас инженердің орынбасары	Муналбаев А.М.	келісті	06.02.2024
Комплаенс-офицер	Нурпеисова Ж.Х.	келісті	06.02.2024
Бас юрисконсульт	Тоқтархан А.Р.	келісті	06.02.2024
Бас бухгалтер	Таутай М.Н.	келісті	06.02.2024
Адам ресурстары жөніндегі басқарма басшысы	Ахметова Г.Е.	келісті	06.02.2024
Қаржы және Экономикалық басқарманың басшысы	Байзілдаева С.Б.	келісті	06.02.2024
Корпоративтік даму басқармасының басшысының міндетін атқарушы	Сауир Б.А.	келісті	06.02.2024
Қаржы бөлімінің басшысы	Абдрахманова А.А.	келісті	06.02.2024
Қауіпсіздік және азаматтық қорғаныс қызметінің басшысы	Ахметов С.А.	келісті	06.02.2024
Техникалық қызмет және Еңбек қауіпсіздігі қызметі басшысы	Меденов А.К.	келісті	06.02.2024
ӨТБ басшысы	Нармуратов С.А.	келісті	06.02.2024
Сатып алу және жабдықтау бөлімінің басшысы	Даулетбахов Ұ.М.	келісті	06.02.2024
Әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы	Конысбаев Г.Т.	келісті	06.02.2024
Механизация және көлік қызметінің басшысы	Бозтериев А.А.	келісті	06.02.2024
Құрылыс және қызмет көрсету бөлімі басшысы	Дүйсетай Е.К.	келісті	06.02.2024
ОББ басшысы	Батанов Н.Н.	келісті	06.02.2024
Реле қорғанысы және автоматика цехының басшысы	Нұрланұлы К.	келісті	06.02.2024
Турбина цехының басшысы	Бакиров П.Ж.	келісті	06.02.2024
Гидроцех басшысы	Искаков О.О.	келісті	06.02.2024
Электроцех басшысы	Абдикожаяев Ж.Ж.	келісті	06.02.2024

